

5. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті Білім беру стандарты. – Астана, 2006.
6. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – Алматы, 1992.
7. Алтынсариннің таңдамалы педагогикалық мұралары /Ы. Алтынсарин атындағы пед. ғыл. зерт. институты; Құрастырған С. Қалиев және т. Б./-Алматы:Рауан, 1991, 91-100 б.
8. Ушинский К.Д. Педагогические сочинения: в 6Т. 2 /Составитель С. Ф. Егоров / – М: Педагогика, 1988.
9. Қазақстан Республикасының этникалық мәдени білім тұжырымдамасы «Қазақстан мұғалімі» 1996ж, 25 желтоқсан.
10. Құрсабаев М. «Атамекен» бағдарламасы // Егемен Қазақстан, 1992ж., 31 тамыз.
11. Ахметова З. «Кәусар бұлақ» бағдарламасы. – Алматы:Кәусар бұлақ, 1994. – 32б.
12. Ұзақбаева С. А., Қожахметова К.Ж. Жоғары мектеп студенттеріне этнопедагогикалық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы: Өнер, 1998. – 48 б.
13. Сейітқазы П.Б. Болашақ мұғалімдерді БАҚ арқылы тәрбие үрдісіне дайындау, – Астана, 2009б.

АЗАМАТТЫҚ-ПАТРИОТИЗМ ТӘРБИЕ– ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРЕДЕСІНІҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

Алтай Қ.Т.

*«Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің
М. Хәкімжанова атындағы №20 орта мектебі» ММ*

Кез келген мемлекеттің білім беру жүйесі сол мемлекеттің жүргізіп отырған саясатымен анықталады.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев Қазақстан Республикасының Азаматтарына патриоттық тәрбие берудің мемлекеттік бағдарламасын бекітті. Халқымыз ғасырлар бойы ұрпағын өз елін сүйге, ізгілікке баулып келеді. Бұл ұлтымыздың дәстүрлі ұлттық тәрбиесінің өзегі деуге болады.

Отаншылдық, Отансүйгіштік, Патриотизм – адамның Отанына, туған еліне, оның тіліне, салт-дәстүрі мен мәдениетіне деген сүйіспеншілік сезімі.

Отаншылдық – елжандылық туған отбасына, туып-өскен ортаға, туған топырағы мен табиғатына деген құрметтен басталады.

Отаншылдықтың іргетасы – ұлтжандылық. Өз ұлтын сүйіп, оның мұңын мұңдап, жоғын жоқтайтын азамат қана отаншыл болады.

Отаншылдықты рухани құбылыс ретінде зорлықпен, нұсқаумен биліктің басқаруымен енгізу мүмкін емес.

«Бала тәрбиесі- мемлекеттің маңызды міндеті» деген сөзді Платонның өзі де бекер айтпаған болар. Әрбір қоғамның өз дамуы жағдайындағы бұл өткір мәселе әрқалай шешіліп отырған.

Қазіргі таңдағы ағым да оңай болып отырған жоқ. Кейбір тұрмыстық қиындықтар мен өмір сүрудің ауытқушылығынан руханиятсыздық белең алды. Халқымыздың шынайы тарихын, шежіресін, өнерін және әдет – ғұрпын толық білетін қазақ азаматы бүгінгі еңбек етіп жүргендер ішінде кемде – кем. Ал алдымыздағы балауса көк шөптей желкілдеп өсіп келе жатқан жас ұрпақты осы кезден халқының асыл дәстүрінен, салтынан сусындатып өсірсе, бойына ана сүтіндей сіңіп, бұл тұрғыда саналы да патриот азамат болып өсері сөзсіз. Халқының ерлігі, төзімділігі, момындығы, қонақжайлылығы, аршыл – мәрттігі, ақынжандылығы бойларына дарыса, кім – кімнен де сорлы болмас еді. Ұл балаларға жігіттердің батырлығы, үлкенді сыйлауы, әйелдер мен өзінен кішілерге қамқор болуы үлгі болар еді. Қыз балаларға аналары мен апаларының инабаттылығы, ізеттігі, іскерлігі, табиғи сұлулығы, еңбекке төзімділігі ұлағат боп қалар еді.

Осы дәстүрлі дәріс тек соңғы ондаған жылдарда ғана шет қақпай күй кешіп, орнын бірыңғай европалық үлгідегі тәсілдер алмастырды. Соның салдарынан ұлттық өрнек, ұлттық мінез – құлықтан айрылып, дүбәрә күй кештік.

Елімізде болып жатқан шын мәніндегі тарихи өзгерістер, ұлттық сана-сезімнің өсуі, ұлт арқылы қатынастар үредесі Отанымыздың ортақ тағдыры үшін жауапкершілікті сезінетін патриоттар тәрбиелеуді ерекше талап етеді. Осыған байланысты мектеп ұжымдарының жас ұрпақтың патриоттық санасын қалыптастыру үредесіндегі іс-әрекетіне қажетті, адамгершілік ұстанымдар мен тұжырымдардың мәндерін тереңірек анықтау қажет.

Сондықтан Президентіміз Н.Ә. Назарбаев өзінің Жолдаулары мен сөздерінде егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын ба-

са айтып келеді. Елбасы, әсіресе жастар бойында қазақстандық патриотизм сезімін оятып, тәрбиелеу қажеттігіне айрықша көңіл аудартады.

«Әрбір адам біздің мемлекетімізге, соның бай да даңқы тарихына, оның болашағына өзінің қатысты екенін мақтанышпен сезіне алатындай іс-қимыл жүйесін талдап жасауы қажет. Елдің проблемалары да, келешегі де барлық адамға жақын, әрі түсінікті болуы тиіс... Әрбір адам бала кезінен Қазақстан – менің Отаным, оның мен үшін жауапты екені сияқты, мен де ол үшін жауаптымын деген қарапайым ойды бойына сіңіріп өсетіндей істегені жөн» – дейді елбасымыз.

Міне, осы сөздің өзі – тұла бойы тұнған Отаншылдық тәрбие міндеттері. Қазақстандық патриотизмнің анықтамасы да осынау парасатты ойдан арна тартады.

Қазақстандық патриотизмнің мәні:

- Қазақстанды ортақ үйіміз деп сезіну;
- Оқушылардың әскер туралы білуі;
- Халықтар достығын сақтауға үлес қосу;
- Болашақты Отан қорғаушының ұлттық патриоттық тұлғасын қалыптастыру жолдары;

- Қазақстанды бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына қосу;
- Өз елінің патриоты болуға күш салу.

Патриоттық білім беру құралдары болып мемлекеттік тіл, ұлттық-әдет ғұрыптар мен салт-дәстүрлер, ауызекі халық шығармашылығы, Қазақстан тарихы, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер, ұлттық ойындар, тағы басқалар, ұлттық патриотизм ерекшеліктерін айқындайтын маңызды мәні бар дүниелер саналады.

Патриотизм ерекшеліктері:

- ұлтын шексіз сүйу;
- Ұлттық идеологияны құрметтеу;
- Ұлттық менталитет туралы білім;
- Қазақ этнопедагогикасы негізінде білім алу;
- Ұлттық салт- дәстүрлерді сақтай білу;
- Өз ұлттық тіліне, дініне беріктігі.

Азаматтық-патриотизмге тәрбиелеу компоненттері:

- Отанға деген сүйіспеншілік;
- Отан тағдырына деген жауапкершілік сезімін арттыру;
- Отан мүддесіне қызмет етуге дайын болу;
- танды қорғау;
- Отанның қол жеткен жетістіктерін ішкі және халықаралық аренада мақтанышпен көрсете білу;
- Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйрену;
- Қазақстанда тұратын ұлт өкілдерінің құқықтарына құрметпен қарау; олардың ұлттық салт – дәстүріне және әдет – ғұрпына құрметпен қарай білу;
- Қазақстан халықтарының келісімі мен ұлтаралық бірлігін сақтау;

Қазақстан Республикасының Азаматын қалыптастырудағы тәсілдері:

- Этномәдени білім
- Құқықтық тәрбие
- Әскери-патриоттық тәрбие.

Ал, Қазақстан Республикасының азаматы қандай болу керек: ол рухани бай, білімді, дені сау, шығармашыл тұлға.

Қазақстан Республикасының азаматы өз Отанын сүйеді, ҚР Конституциясын, Мемлекеттік рәміздерді біледі, құрметтейді; туған тілін біледі, қастерлейді; Отанын қорғауға дайын; тарихи, мәдени ескерткіштерді қорғайды; өз елінде болып жатқан саяси өзгерістерге көңіл бөледі, қызығушылық арттырады; өз жерлестерінің жетістіктерін мақтан тұтады; өз елінің салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыпын біледі, құрметтейді; өзге ұлттардың өкілдерін құрметтейді; туған өлкені қорғайды, сақтайды; салауатты өмір сүреді; жоғары мәдениетті тұлға.

Мектеп оқушыларға азаматтық-патриоттық тәрбие беретін «Туған жер-тұғырын» жүйесінің үлгі схемасын ұсынбақпыз.

1. Атадан қалған асыл сөз. Оқу – білім, сапалы оқу тарауына халықтық тәрбие негізінде Шоқан, Абай, Ыбырайдың, т.б. азаматтардың ғылым – білім туралы пікірлерін айтатын тәрбие сағаттарды, оқушылардың слетін өткізген абзал. Қаныш, Мұхтар, Жүсіпбек, Мағжан секілді данышпандардың оқуы, білім алуы туралы да тәрбиелік шаралар белгілеу

керек. Қазақстанның әр аймағында туған топырақтан түлеп ұшқан қайраткерлерін қатыстырып отырса, құба – құп.

2. Адамгершілік пен әдептілік. Халықтың тәрбиелік қағидалары, сыйластық пен құрмет, қарындас абыройы, жеңге сыйластығы, жыныстық түсіністік, тентек пен теліні тезде салу, арлылық пен адалдық жайындағы мәселелер қамтылады.

3. Саяси - әлеуметтік тәрбие. Қазақстан төңкеріс жылдарында, жаңа талап және біз, егемендік пен тәуелсіздік, бейбітшілік, Қазақстанның саяси картасы, халық қазынасы, тарихи орындар жөнінде кең мәлімет беретін шаралар белгіленеді.

4. Ерлік, денсаулық, Отан қорғау және туған жер. Ерте кездегі көп ерлер, Қажымұқан қайраты, Отан үшін от кешкендер, шаруалар көтерілісінің көсемі, туған жердің табиғатын да қорғау парыз, жергілікті батыр атындағы жүлде үшін спорттық ойындар т.б. осы секілді мәселелерді қамту керек.

5. Тарих тағылымдары. Жеті атаңды білесің бе? Қазақ қайдан шыққан? (Шежіре мен тарихи деректер) Ақтабан шұбырынды, ақтаңдақ жылдар, көнекөз қартпен сұхбат, тарихи орынға саяхат секілді жәйттер белгіленеді.

6. Әсемдік және өнер. Ғажайып ғимараттар, әсем әуендер, шынайы шеберлер, зерделі зергерлер, жыраулар, күй құдіреті, өнерпаздармен кездесулер, музейлер мен ойын – сауықтарға апару секілді тәрбиелік шаралар.

7. Достық және интернационализм, елдік пен бірлік, әлем балаларының достығы, өнер бірлігі, өзара көмек, шетелдегі қазақтар туралы келелі пікір қозғайтын шаралар мен кездесулер өткізу.

8. Халқының тілі мен әдебиеті және мәдениеті. Тілің – арың, намысың, шешендік өнер, билік айту, тіл тазалығы туралы, мектепішілік айтыс өткізу, жыр – терме кеші, сөзсайыс, шығарма жазғызу, әдеби музейлерге саяхат жасау.

9. Еңбек және кәсіптік бағдар. Еңбеккер мен жалқау, еңбек басталуы, еңбек жемісі, алуан мамандық, жоғары немес арнаулы орта оқу орындарының өкілдерімен, бесаспап мамандармен сұхбаттасу, шеберханаға саяхат жасау. Оқушылар қабілетін ұштау, Оқушының бос уақыты, қай пән ұнайды? Нені ұнатасың? Үйірме мүшелерінің шығармашылық есебі, дарындыдан бата алу секілді келелі де киелі шаралар.

10. Халықтық (ұлттық) ойындар. Ұлттық ойындар үйрену, жарыстар өткізу. Наурыз мерекесінде, «Алтыбақан» кезінде, тақырыптық кештерде, ұлттық ойындарды ұтымды ұйымдастыру, үлкендерден ұлттық ойындар үйрететін қоғамдық негіздегі үйірмелер ашуды жоспарлау.

11. Ұлағатты сөздер. Ақсақалдар алқасының, әжелер әлемінің кеңестерін өткізіп тұру, «Қара кемпір», «Қара шал», «Қара баланың зары», «Шежіре қария» деген сұхбат кездесулер өткізген орынды.

12. Мектеп, үйелмен және жұртшылық. Бақытты үйелмен туралы мектеп кеңесі және тәрбиелік тағылым, ұстаз ұлағаты, кәсіпорындағы қамқоршы ағалар, т.б. мәселелер қамтылған шараларды да оқушылардың қатысуы арқылы өткізуді жоспарлаған жөн.

Оқушыларды отансүйгіштікке тәрбиелеудің маңызды шартының бірі этномәдени, рухани-адамгершілік тәрбие бағыты. Өскелен ұрпақтың еркіне, сезіміне, санасына әсер етудің ұлттық педагогиканың толып жатқан мүмкіндіктері бар. Оқушыларға білім негіздерін үйрететін, алуан саладағы, мәдени, ғылыми, тарихи т.б. салаларға қызықтар жетелейтін «Үйірмелер, клубтар» деп аталатын тармақтың жұмысы мектептегі ең негізгі істердің басын біріктіреді.

Орыстың демократ – ағартушысы В.Г.Белинский «Әдет-ғұрып өзінің көнелігімен бекиді, бірақ оған әр кез уақыт сәулесі түсіп отырады. Ол ата – бабаларымыздан қалған мұра есебінде буыннан – буынға, ұрпақтан – ұрпаққа асып келеді. Әдет – ғұрып халықтың бітім – тұлғасын, болмыс – санасын жасайды, топтастырады. Онсыз халық бет – пішінсіз соғылған тас мүсін тәрізді» – деп салт – дәстүрден халық психологиясының көрініс беретінін орынды айтқан болатын. Осы орайда, әр класта өткізілетін тәрбие сағаттарының тақырыптары да осы мақсатты көбірек көздеуі керек.

Қазақстан азаматы өзімізді қоршаған ірі өркениет орталықтарын, түрлі мәдениетті меңгеріп, өзін сыйлата алатын, рухани дүниесі бай, интеллект деңгейі жоғары, білімді де білікті, жаһандану заманына сай болуы шарт.

Қазіргі қоғамның әлеуметтік сұранысын мектепке қойып отырған талап тұрғысынан қарастырғанда, патриоттық білім беру маңызды мәселе болып отыр. Патриоттық білім ол қоғамда білімнің тез және шапшаң қарқынмен дамуына байланысты туындауда. Өйткені оқушылардың мектепте алған білімдерімен шектеліп қалуына болмайды.

Әрбір оқушы білімді өздігінен ізденіп, ғылыми және техникалық ақпараттардың ағымына бағдар ұстау дағдысын қалыптастыру қажет. Бұл патриоттық білім үредесінің оқушы тұлғасын қалыптастыруға бағыттау үшін қажет. Патриоттық білім - оқушылардың іс-әрекет тәсілдерді меңгеруі мен білім алуы, іскерлік пен дағдыны игеруге даярлау. Патриоттық білім қасиеттілігі осы заманда ақпараттық алмасу үлгісінің қарқындылығымен құнды.

Отанға деген сүйіспеншілік, туған жерге құрмет, патриотизм - тұлғаның дамуындағы ең жоғарғы деңгейді сипаттайтын аса маңызды рухани игіліктердің бірі. Ол адамның Отан игілігі үшін қызмет етуінен, қажет болса, сол мақсат жолында ғұмырын құрбандыққа шалуға дейін баруынан көрінеді.

Мемлекеттік рәміздер Ту, Елтаңба, Әнұранда халқымыздың өткен өмір тарихы, бүгінгі игілікті істері айшықталған. Осы Мемлекеттік рәміздерден басталған тәрбие тұлғалардың қоғамдық бағыт-бағдарын анықтайды, адамгершілік құндылықтарын қалыптастырады, әлеуметтік белсенділігін жоғарылатып, өз іс-әрекеттеріне жауапкершілігін арттырады және Отан игілігі жолында қызмет етуге ұмтылдырады. Сондай-ақ қазақ халқының озық гуманистік құндылықтары негізінде жалпы ұлтжандылыққа, қазақстандық патриотизмге, отансүйгіштікке, жастарды ашық пікірталасқа, сөз бостандығына тәрбиелейді.

Кез келген мектепішілік іс-шаралар жоспарына міндетті түрде мемлекеттік рәміздерге қатысты тапсырмалар (викторина, сұрақ-жауап, ребус, сөзжұмбақ) еңгізіледі. Мемлекеттік рәміздердің мән-жайың терең, жан-жақта біліп, оларды еліміздің болашағы – жас буынды елжандылыққа, патриоттыққа тәрбиелеу бағытында шығармашылықпен пайдалану ұстаздар қауымының басты міндеттерінің бірі.

Мектепте балаларды қоғамдағы толымды өмірге даярлау, олардың қоғамдық мәні бар және шығармашылық белсенділігін дамыту, әлемдегі өркениеттің жалпы адамзатқа тән құндылықтары негізінде оларды жоғарғы имандылық қасиеттерге, елжандылық пен азаматтыққа тәрбиелеу, олардың бойында ұлттық сана сезімді қалыптастыру принциптерінің басымдылығына сүйеніп, ҚР баланың құқықтары туралы заңды басшылыққа ала отырып тәрбиелеу жолға қойылған, тәрбие жоспары 1-4 сыныптар, 5-9 сыныптар, 10-11 сыныптар жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып арнайы жоспар бойынша жүргізіледі.

Ел өміріндегі бірқатар мәселелерді шешу көп жағдайда азаматтық қоғамның даму деңгейіне, жоғары патриоттық сананың қалыптасуына, өз еліне деген мақтаныш сезімге, Отанның мүдделерін қорғау жөніндегі азаматтық борышты орындауға дайындығын тәрбиелеуге байланысты. Өскелең ұрпаққа патриоттық тәрбие беруде қызметінің негізгі мақсаты жеке тұлғаны өзін-өзі айқындауына және қалыптасуына тәрбиелеуде мектепте «Мұрагер», «Болашақ» балалар мен жасөспірімдер ұйымдары жұмыс істейді. Мектеп әкімшілігі оқушылар маслихаттарын және де басқа да сайланып қойылатын органдарын қалыптастыруына, жұмыс істеуіне жағдай жасап, көмектесіп отырады. «Болашақ» ұйымы жасөспірімдердің жалпы оқу-тәрбие үрдісінде оқушыларды елін, халқын, туған жерін сүйуге, Атамекенін қорғайтын ұл мен қыз өсіруге үлкен ықпал үлесін қосып келеді. «Мұрагер», «Болашақ» ұйымдарына қабылданатын оқушылар оқуда үздік, үлгілі, тәрбиелі, үлкенге құрмет, кішіге қамқор бола алатын оқушылар. Оқушылар қабылданатын кезде салтанатты жиында беретін Ант беру арқылы өз туған Отанына, халқына деген ең терең адалдық пен сүйіспеншілік сезімін – отанжандылық, отансүйгіштік, елжандылық, ұлтжандылық ізгілік қасиеттерін ұштайды.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда жоспарға сай топта «Қазақстан, мәңгілік бағың жансын!», «Тәуелсіздік тірегі – төл теңге», «Біздің бір ғана Отанымыз – Қазақстан», «Батырлық пен қайсарлық» тақырыптарында жүргізілген тәрбие сағаттары мен жыл сайын мектеп бойынша өткізілетін «Талантыңмен таныл» байқауы, «Тілі басқа, жүрегі бір» өнер фестивалі, «Жырлаймын туған елімді» патриоттық әндер мен көркем сөз оқу сайысы оқушыларды патриоттық сезімге тәрбиелеудің көзі. Оқушылардың қызығушылығын арттыру мақсатында және қазіргі заман талабына сай оқушыларға арналған «Зерде», «XXI ғасыр көшбасшысы», «Жүзден жүйрік» танымдық, зияткерлік ойындар өткізу жолға қойылып келе жатыр. Әскери-патриоттық «Ұлан», «Алау» ойындары жоғары сынып оқушылары, ал «Қызыл ту» ойынды бастауыш және орта буын сыныптар арасында өткізуде. «Саппен тузу ән айту» байқауына 5-8 сыныптары белсенді қатысып, әскери дайындықтарын, өз Отандарына қызмет ету, отансүйгіштіктерін көрсете білді. Мемлекеттік мерекелерге арналған апталықтар жоспарларға сай өткізіледі: Республика күніне, Тәуелсіз күніне, Тілдер мерекесіне, Наурыз, ҚР халықтардың ынтымақтастық күніне, ҚР Қарулы күштерінің күніне, Жеңіс күніне арналған «Патриот» айлығы.

«Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – Тәуелсіз Қазақстан. Біз туған мемлекетіміздің тәуелсіздігін баянды етуге, қуатын арттыруға, оның игілігіне, халықаралық қоғамдастықта абыройының өсуіне адал қызмет етуге парыздармыз. Ол үшін әрбір азамат

еліміздің тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халықтарымыздың жарастығын аман сақтай білу қаншалықты үлкен тарихи жауапкершілік екенін жан – тәнімен сезінуі керек» - деген Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың сөзі патриоттық ұғымның, ел мен жердің бүтіндігін сақтау, халықтар достығы мен бірлігі екенін нақтылай түседі.

Біздің туымыз- тәуелсіздік,тілегіміз- бейбітшілік, тыныштық! Ал, еліміздің осы тұтастығын, жеріміздің бүтіндігін, халқымыздың жарастығын аман сақтау- әрқайсымыздың борышымыз. Сондықтан да, өскелең жас ұрпақты осындай жоғары рухта тәрбиелеу- бүкіл қоғамның, ұстаздар қауымының және ата-аналардың басты парызы!

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарында 2006-2011 жылдарға арналған кешенді тәрбие бағдарламасы.
2. Қазақстан Республикасының азаматтарына патриоттық тәрбие берудің 2006-2008 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. «Қазақстан мектебі» журналы. №10, 2001 ж.
4. «Қазақстан мектебі» журналы. №1, 2006 ж.
5. «Тәрбие құралы» журналы. №5, 2001 ж.

ГРАЖДАНСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ПОДРАСТАЮЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ

Андренко Л.Н.

*ГУ «Средняя школа №1 им. Димитрова
отдела образования Федоровского района»*

Проблема гражданского воспитания и становления личности как гражданина, человека высокой нравственности и морали выдвигается на первый план и в наше время становится наиболее значимой для современного общества.

Гражданское воспитание тем и ценно, что для будущего страны важно не только, какие знающие специалисты будут создавать богатство страны, но и какими будут их мировоззрение, гражданская, нравственная позиция.

На этом фоне актуальность гражданского воспитания в детской и молодежной среде выходит на первый план, являясь приоритетной в образовательной политике государства.

В современных политических, экономических, социальных условиях значение гражданского воспитания, как никогда, становится актуальным. Наша страна переживает глубокий и многосторонний кризис перехода в новое качественное состояние: изменился общественно-политический строй, экономический уклад. Но это еще и кризис культуры, происходящий в душах людей. Утрачена система прежних духовных ценностей и ориентиров, а новые пока не выработаны. Поэтому сегодня все более актуальным становится тезис о возрождении духовности, воспитании гражданственности и патриотизма, который тесно связывается с формированием национальных (патриотических) и интернациональных (общечеловеческих) чувств, необходимых для приобщения к ценностям человеческой культуры. Возрастание роли гражданского общества в Казахстане, новые геополитические реалии определяют заказ системе образования на формирование социально ориентированного поколения граждан РК. Среди важнейших задач общеобразовательной школы особое значение имеет гражданское образование и воспитание. В связи с этим необходимы глубокое теоретическое осмысление проблемы гражданского воспитания подрастающего поколения, целенаправленная работа по определению и реализации условий для его гражданского становления. Необходимость глубокого внимания к проблеме гражданского воспитания вызвана также процессами, происходящими в молодежной среде.

Проблема гражданского воспитания молодежи рассматривалась многими учеными. Теоретические основы гражданского воспитания подрастающего поколения получили освещение в научных трудах замечательных казахских просветителей И. Алтынсарина, А. Кунанбаева, Б. Утетлеова и других.

Анализ научных исследований позволяет предположить их несомненную теоретическую и практическую значимость для решения проблемы гражданского становления личности. В современных условиях значимой выступает необходимость разрешения противоречий между государственным заказом на воспитание граждан-патриотов своей Ро-